ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

10.10.2019-ғы № 03-18/4461 шығыс
хаты

«KAZ.INVEST-LAB» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 26.09.2019 жылғы №55576 өтінішіңізге төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Оңтүстікауызсу» филиалы ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №3610304-1 «*Сарыағаш қаласындағы Бостандық көшесі, су құбырын ауыстыру»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның *(бұдан әрі – Заң)* 10 бабы 1 тармағы 2-тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* Қағиданың 157 тармағына сәйкес, *егер әлеуетті өнім берушіде сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындаушыға сертификаттау жөніндегі органдар, аккредиттеу жөніндегі аккредиттелген орган немесе Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдар берген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді* делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың 158 тармағында, *егер әлеуетті өнім берушіде қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған тауарларды өндірушіге, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді*

10.10.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

орындаушыға берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді делінген.

Конкурстық құжаттамаға сәйкес, аталған сатып алудың нысаны - Сумен жабдықтау / су өткізу жүйелерін жөндеу / қайта құру бойынша жұмыстар болып бекітілген.

Алайда, камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім беруші «KAZ.INVEST-LAB» ЖШС-гі тарапынан конкурс нысанына сәйкес келетін *қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесінің ұлттық стандартқа сәйкестігін растайтын және сапа менеджменті жүйесінің ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкестігін растайтын сертификаттарын* ұсынбағандығы анықталды.

Сәйкесінше, Ұйымдастырушы тарапынан әлеуетті өнім беруші «KAZ.INVEST-LAB» ЖШС-не Қағиданың 157 және 158 тармағына сәйкес шартты жеңілдіктер берілмегендігі туралы уәждемеңіз расталмағанын мәлімдейміз.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес шағым мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орын.: Т.Алимтаев
Тел.: 8 7252 35-06-06

Келісілген А.Байкуанышов

10.10.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)